

Тексерілді
жыл

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек, 2025 жыл, 1-апта

Білім беру ұйымы: ЖШС «ЕСКАМ» «Өркен» балабақшасы

Тобы: «Еркетай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезені: 02.09. – 05.09.2025 ж

Тақырыбы: «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік»

Күн тәртібі		Сейсенбі 02.09.2025	Сәрсенбі 03.09.2025	Бейсенбі 04.09.2025	Жұма 05.09.2025
Балаларды қабылдау		Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Қазақстан халқы тілдері күні.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Баланың еңбек дағдысын ойын арқылы дамыту жолдары. Қарапайым тұрмыстық тапсырмалар (қол орамалды орнына қою, кітапты сөреге қою).	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренетіні. Кеңес: Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.	4 жасқа сай еңбек түрлері: гүлге су құюға көмектесу, киімін орнына қою. Кеңес: Шағын еңбекті жүйелі түрде орындауға баулу. Ата-ана мен баланың бірге еңбектенуінің тәрбиелік мәні.	Баланы еңбекке үйретуде жылы сөз, мадақтау маңыздылығы. Баланың кішкентай жетістігін мойындап отыру. Кеңес: «Сенің көмегің бізге өте пайдалы болды!» деген қарапайым сөздердің тәрбиелік күші

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		Тақырып: «А дыбысы» Мақсаты: «А» дауысты дыбысын дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорды кеңейту. Тәрбиеші әрекеті: Артикуляциялық жаттығу көрсетеді («А-а-а» деп ауызды ашып айту). «А» әрпі бар суреттерді (алма, ат) көрсетеді. Балалар әрекеті: Дыбысты қайталайды. Суреттерді атайды. Ойын: «Кім тез табады?» (ішінде «А» дыбысы бар суреттерді тауып алу). Күтілетін нәтиже: Балалар «А» дыбысын дұрыс айтады, сөздік қоры жаңа сөздермен толығады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: «Ә» дыбысын бекіту, затты сын есіммен сипаттауға үйрету. Тәрбиеші әрекеті: Түрлі түсті гүлдердің суреттерін көрсетеді. «Әдемі қызыл гүл», «Әдемі сары гүл» деген сөйлемдер құрайды. Балалар әрекеті: Сөздерді қайталайды, сурет бойынша сөйлем айтады. «Дыбысты ұстайық» (тәрбиеші «Ә» дыбысы бар сөз айтқанда балалар қол шапалақтайды). Күтілетін нәтиже: Балалар сын есімдерді қолдана біледі, дыбысты ажыратады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Алтын кітап» (суретпен жұмыс) Мақсаты: Кітапқа қызығушылықты ояту, суреттерді мазмұн бойынша әңгімелеу. Тәрбиеші әрекеті: Үлкен суретті кітап көрсетеді. Сурет бойынша сұрақ қояды: «Бұл кім? Не істеп жатыр?». Балалар әрекеті: Суреттерді қарап, қарапайым сөйлемдермен жауап береді. «Құпия бет» ойыны (кітаптағы суреттің бір бөлігі жабылып, балалар не екенін табады). Күтілетін нәтиже: Балалар кітапқа қызығады, сурет мазмұнын айтып береді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Әліппе әні» (өлең жаттау) Мақсаты: Көркем сөзге қызығушылықты арттыру, мәнерлеп айтуға баулу. Тәрбиеші әрекеті: Қысқа тақпақты оқып береді. Бірге қайталап, интонациямен айтуға үйретеді. Балалар әрекеті: Өлең жолдарын қайталайды. Әуенмен айтуға тырысады. «Әнші микрофон» ойыны (балалар ойыншық микрофонмен тақпақ айтады). Күтілетін нәтиже: Балалар тақпақты жаттайды, көркем сөзді мәнерлеп айтады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті

Таңертеңгі жаттығу		Таңертеңгі жаттығу №1 Жапы жаттығулар Жерге созылған жіпті немесе лентаны қойып, бала сол жіп бойымен тізесін бүкпей жүріп өтуге тырысады. Бұл жаттығу қимылдық үйлесімділік пен тұрақтылықты дамытады	Таңертеңгі жаттығу №2 Бала қолдарын жоғары көтеріп, «Күнге сәлем!» деп айтады. Қолды жоғары көтеріп, кішкене созылып, содан соң қолдарын төмен түсіреді. Жаттығуды 3-4 рет қайталауға болады.	Таңертеңгі жаттығу №3 Балалар аяқтарын аздап ашып, қолдарын жоғары көтеріп, «ағаш секілді тік тұруға» тырысады. Жел соққан кезде, денелерін оңға, солға жайлап қисайтады. Бұл жаттығуды 3 рет қайталайды.	Таңертеңгі жаттығу №4 Бала тізесін бүгіп, алақандарын алдына қояды да, қоян секілді жеңіл секіреді. Секіруді 4-5 рет қайталау жеткілікті.
Таңғы ас		Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Бата: Асқа адалдық Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҮІӨ		Дене тәрбиесі «Аяқтың ұшымен жүрейік» Мақсат: Тепе-теңдікті сақтау, аяқ бұлшықеттерін дамыту. «Интерактивті жолақ» (түрлі түсті скотчпен еденге жолақтар сызу). Тәрбиеші әрекеті: Әр түсті жолақпен жүріп көрсетеді. Баланың әрекеті: Балалар түстер бойынша аяқтың ұшымен жүреді. Күтілетін нәтиже: Тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыланады. Қаржылық сауаттылықты дамыту іс-әрекеті Тақырып: «Ақша деген не?» Мақсаты: Ақшаның адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Педагог әрекеті: Ойыншық ақша, тиындарды көрсетеді. «Ақша не үшін керек?» деген сұрақ қояды. Суреттерден (дүкен, азық-түлік, ойыншық) мысал келтіреді. Баланың әрекеті: Ақша суретін, ойыншық ақшаны ажыратады.	Дене тәрбиесі «Құстар сияқты жүрейік» Мақсат: Тізені жоғары көтеріп жүруді дамыту. «Құстардың ізі» ойыны (еденге іздер бейнеленген суреттер қою). Тәрбиеші әрекеті: Құстың қимылын көрсетеді. Баланың әрекеті: Балалар ізі бар жолақпен жүріп, құс қимылын қайталайды. Күтілетін нәтиже: Балалар тізесін жоғары көтеріп жүреді. «Мен еңбексүйгіш баламын» Мақсат: Балаларды еңбекті құрметтеуге, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға үйрету. «Рөлдік ойын» («Көмекші балапан»). Тәрбиеші әрекеті: Ойыншықтарды жинауды үлгі көрсетеді, еңбектің маңызы туралы әңгімелейді. Баланың әрекеті: Ойыншықтарды орнына қояды, үстелді сүртеді.	Дене тәрбиесі «Тақтай үстімен өтейік» Мақсат: Тепе-теңдікті дамыту. «Баланс-трек» (жұмсақ модуль немесе матадан жол). Тәрбиеші әрекеті: Баланс жолымен жүруді көрсетеді. Баланың әрекеті: Балалар тепе-теңдікті сақтап өтеді. Күтілетін нәтиже: Балалар тепе-теңдік дағдысын меңгереді. «Қауіпсіздік – денсаулық кепілі» Мақсат: Балаларға бөлмедегі қауіпсіздік ережелерін үйрету. «Драматизация ойыны» («Не қауіпті?»). Тәрбиеші әрекеті: Қауіпті және қауіпсіз әрекеттерді сурет арқылы көрсетеді. Баланың әрекеті: Суреттен қауіпті әрекетті көрсетіп, «болмайды» деп айтады. Күтілетін нәтиже: Қауіпсіздік ережелерін біледі, қауіпті жағдайдан аулақ болуға тырысады.	Музыка Тақырып: «Ән әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларды ән тыңдауға, эмоциямен қабылдауға үйрету. Педагог әрекеті: Қарапайым әуенді (баяу, көңілді) тыңдатады. Әуеннің көңіл-күйін (қуанышты, баяу) түсіндіреді. Қарапайым қимылдармен (қол шапалақтау, бас изеу) көрсетуге бағыттайды. Баланың әрекеті: Ән тыңдайды, көңіл-күйіне сай қимыл жасайды. Қарапайым ән жолдарын қайталайды. Ойын: «Әнді таны» – қысқа әуеннен танып айту. Күтілетін нәтиже: Балалар ән әуенін көңіл-күйімен қабылдайды, қарапайым әуенді қайталайды. «Электр энергиясын үнемдейміз» Мақсат: Балаларға жарықты, электр құралдарын үнемді пайдалануды үйрету. «ТРИЗ әдісі» («Егер жарық сөнсе не болады?»). Тәрбиеші әрекеті: Шамды қосу мен өшіруді көрсетеді,
--------------------	--	--	---	---	--

		«Осыған не сатып алуға болады?» деп жауап береді. Ойын: «Тиынды тап» (педагог тиынды жасырады, балалар табады). Күтілетін нәтиже: Балалар ақша – зат алмасуға, сатып алуға арналғанын біледі	Күтілетін нәтиже: Еңбек құралдарын қолдана біледі, еңбекке құрметпен қарайды.		электрді артық пайдаланбауды түсіндіреді. Баланың әрекеті: «Жарықты өшіреміз» ойынын ойнайды, суретке күн мен шамды салады. Күтілетін нәтиже: Электр энергиясын үнемдеу керектігін түсінеді.
Екінші таңғы ас		Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру Тамақтануға дайындық	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру Тамақтануға дайындық	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру Тамақтануға дайындық	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру Коммуникативті дағдыны қалыптастыру
Серуенге дайындық		"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту) Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады. Қауіпсіздік бойынша өнегелі минут Мақсаты: Балаларды серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Серуенге шығар алдында «Қауіпсіздік ережелері»	"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту) Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бөтенке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу. Үнемдеу Мақсаты: Табиғи ресурстарды бағалауға, үнемділікке тәрбиелеу. Іс-әрекет барысы: «Суды үнемдейік»	"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу) Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу Балабақшада өзін-өзі ұстау қауіпсіздігі	"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту) . "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету Қауіпсіздік бойынша өнегелі минут «Алаңдағы қауіпсіздік» Өңгіме: «Қауіпті заттарға (тас, бөтелке, темір) қол тигізуге болмайды».

		қысқа әңгіме (жолдан өтпеу, тәрбиешіден алыс кетпеу, белгіленген аумақта ойнау).	тақырыбында шағын әңгіме: артық су құюға болмайтыны, қолды жуғанда кранды жабу керектігі.	Тақырып: «Балабақша – біздің ортақ үйіміз» Мақсаты: Балабақшада тәртіпті сақтау, бір-біріне зиян келтірмеу, ойыншықтарды дұрыс пайдалану. Ойын: «Қауіпсіз және қауіпті» (суреттерді ажырату). Күтілетін нәтиже: Балалар балабақшада өзін қауіпсіз ұстауды біледі.	
Серуен		Серуен картотекасы №1 Табиғаттағы қазынаны іздеу Ойынның мақсаттары: Табиғатқа назар аудару, заттарды танып білу. Құралдар: Кішкентай себеттер. Ойын барысы: Балаларға табиғатта (мысалы, бақшада немесе саябақта) жиналатын табиғи заттарды (жапырақтар, тастар, гүлдер) жинауға тапсырма беріледі. Әр бала өз жинап алған заттарын көрсетіп, олар туралы әңгімелей алады. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру	Серуен картотекасы №2 Табиғаттағы саусак жапсырмалары Ойынның мақсаттары: Жаратылы стану және шығармашылық қабілеттерді дамыту. Құралдар: Түрлі-түсті қағаз, жапырақтар, желім. Ойын барысы: Балалар жапырақтардың суретін жасап, оларды түрлі-түсті қағазға жабыстыра алады. Бұл оларға жапырақтардың формалары мен түстерін тануға көмектеседі. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру,	Серуен картотекасы №3 Экологиялық мозаика Ойынның мақсаттары: Пайдалы және зиянды заттар туралы түсінік беру. Құралдар: Түрлі материалдар (пластик, қағаз, ағаш, т.б.). Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті материалдарды беру арқылы экологиялық мозаика жасау ұсынылады. Оларды «пайдалы», «зиянды» заттар ретінде топтастыруы мүмкін. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру	Серуен картотекасы №4 Сюжетпен ойын: «Біздің бақша» Ойынның мақсаттары: Табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Құралдар: Пластикалық көкөністер мен жемістер, топырақ. Ойын барысы: Балалар өздерінің бақшасын ойнайды. Олар көкөністер мен жемістерді жинап, оларды «сатып», «ешкіге» немесе «қойға» беруге әңгімелейді. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру

			қоршаған ортамен таныстыру		
Серуеннен оралу		Балалар серуеннен кейін міндетті түрде қолдарын сабынмен жуады. Балалардың денесін шынықтыру мақсатында жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Бұл олардың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Киімдерді ретке келтіру: Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. Қажет болған жағдайда киім ауыстыру: Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне –өзі қызмет етуге баулу
Түскі ас		Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу, Орындыққа өзі отыру, тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету. Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Күндізгі ұйқы		Жайлы төсекке жатып, көздерін жұмып, денелерін босату. Баяу әуен немесе табиғаттың	Жайлы қалыпта жатып, терең дем алу. Тыныштандыру: Құстардың сайраған	Температура режимі: Бөлмедегі температураны қолайлы деңгейде ұстау.	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады

		дыбыстарын қосу. "Тыныштық патшалығының кішкентай ханзадасы" (қысқа ертегі). Көркем әдебиет	дауысы қосылады. "Ормандағы тыныштық пен дос қоян" (қысқа ертегі). Көркем әдебиет	Тыныштықты сақтау: Балалардың ұйқысы кезінде шуды болдырмау . "Батырлар жыры» Мақсаты: Қазақ батырлары туралы білу, олардың ерлігі мен мінезін дауыс ырғағымен жеткізу. "Қобыланды батыр" жырынан үзінді оқып беру Көркем әдебиет	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» "Ақылды қыз" Мақсаты: Қазақ ертегілеріндегі ақылды қыз бейнесін таныстыру. "Ақылды қыз" ертегісін оқып беру, эмоциямен жеткізу Көркем әдебиет
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары		Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. «Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар
Бесін ас		Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Тақырып: «Көп пен бір» Мақсат: «Көп», «бір» ұғымдарын меңгерту. Тәрбиеші әрекеті: Бір ойыншық пен көп ойыншықты көрсетіп салыстырады. Балалар әрекеті: «Бір», «көп» деп атап қайталайды. «Сиқырлы қорап» ойыны (қораптан бір затты, кейін бірнеше затты алу). Құрастыру: Бір кірпіштен мұнара, көп кірпіштен үй тұрғызу. Күтілетін нәтиже: Балалар «бір» мен «көпті» ажырата біледі. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Ұзын-қысқа» Мақсат: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. Тәрбиеші әрекеті: Ұзын таяқшаны, қысқа таяқшаны көрсетеді. Балалар әрекеті: «Бұл ұзын», «Бұл қысқа» деп ажыратады. «Салыстыр да тап» ойыны. Құрастыру: Ұзын дуал мен қысқа дуал тұрғызу. Күтілетін нәтиже: Балалар ұзын-қысқаны салыстыра алады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Үшбұрыш» Мақсат: Геометриялық пішін – үшбұрышпен таныстыру. Тәрбиеші әрекеті: Үшбұрышты түрлі түсті қағаздан көрсетеді. Балалар әрекеті: «Бұл – үшбұрыш» деп атайды. «Пішінді тап» ойыны (қоршаған ортадан үшбұрыш табу). Құрастыру: Үшбұрышты кірпіштерден үйдің шатыры. Күтілетін нәтиже: Балалар үшбұрышты ажыратады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Күндіз және түн» Мақсат: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін меңгерту. Тәрбиеші әрекеті: Күн мен түннің суретін көрсетеді. Балалар әрекеті: «Күндіз – жарық», «Түн – қараңғы» деп айтады. «Тәулік уақыты» карточкаларымен ойын. Құрастыру: Күндіз – үйдің айналасын гүлдермен, түн – жұлдыздармен құрастыру. Күтілетін нәтиже: Балалар тәулік бөліктерін ажыратады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті
Балалармен жеке жұмыс		Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Сөздік қорын дамыту. Өңгімелесу: «Менің отбасым». Дидактикалық ойын: «Кімнің дауысы?» (жануар дыбыстарын ажырату). Саусақ жаттығуы: «Балапан».	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Ұсақ моторика, зейінді дамыту. Жапсыру: «Алма тереміз». Дидактикалық ойын: «Тап та жапсыр» (түстерді сәйкестендіру). Қимылды ойын: «Қояндар секіріп жүр»	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Дыбыстық есту қабілетін дамыту. Ән тыңдау және қимылмен қайталау. Дидактикалық ойын: «Не артық?». Сөйлеу жаттығуы: С, Ш дыбыстарына артикуляциялық жаттығулар.	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Өлеуметтік-эмоциялық дағдылар. Өңгіме: «Дос болайық бәріміз». Рөлдік ойын: «Дүкен». Өнегелі минут: «Жылы сөздер айтамыз».

Серуенге дайындық		киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. (Көркем мінез құлық қалыптастыру)	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Табиғат туралы қосымша сұрақтар қою
Серуен		Серуен картотекасы №5 Табиғатты бақылау: Ауа райын талқылау: Ауа райының күзде қалай өзгеретінін айтып беру, мысалы, күннің салқындауы, желдің соғуы, күннің қысқарып, бұлтты болатыны туралы түсіндіру. Ағаштар мен жапырақтар: Балаларға ағаштардың түрлерін көрсетіп, олардың жапырақтары қалай сарғайып, жерге түсетінін бақылау. Түрлі түсті жапырақтарды жинап, олардың түстерін ажыратуға үйрету. Күзгі жануарлар: Күзде құстардың жылы жаққа ұшып кетуі, жануарлардың қыстауға дайындалуы туралы айту. 2. Қимылдық ойындар: «Жел мен жапырақтар» ойыны: Бір бала «жел» болып, басқа балалар	Серуен картотекасы №6 Серуен орны: Ойын алаңы Ойын: «Кім жылдам?» — Допты лақтырып, жарыс ұйымдастыру. Мақсаты: Шапшаңдықты дамыту, командалық жұмыс. «Табиғаттық детектив» Мақсаты: Табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Сипаттамасы: Балалар топқа бөлініп, табиғатта (ағаштар, жәндіктер) белгіленген нысандарды табу керек. Олар тапқан нәрселері туралы қысқаша әңгімелеп береді. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №7 Серуен орны: Аулада Ойын: «Жасырынбақ» — Бір бала жасырынып, қалғандары іздейді. Мақсаты: Наблюдательдікті дамыту, сергектік. «Қоршаған әлем жәрмеңкесі» Мақсаты: Қалдықтарды дұрыс сұрыптау. Сипаттамасы: Балаларға әртүрлі материалдар (пластик, қағаз, металл) беріледі. Олар қалдықтарды дұрыс контейнерлерге орналастыруы керек. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №8 Серуен орны: Табиғат Ойын: «Табиғаттағы қазына» — Белгіленген нүктелерде жұмбақтар шешу. Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту, табиғатқа жақындастыру. «Қоршаған әлем жәрмеңкесі» Мақсаты: Қалдықтарды дұрыс сұрыптау. Сипаттамасы: Балаларға әртүрлі материалдар (пластик, қағаз, металл) беріледі. Олар қалдықтарды дұрыс контейнерлерге орналастыруы керек. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру

		«жапырақтар» сияқты жүгіреді немесе секіреді. Жел соққан сайын жапырақтар жан-жаққа тарқалады. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру			
Серуеннен оралу		Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас		Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу, Орындыққа өзі отыру, тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету. Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету. Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,		«Алма бағы»	«Көңілді күн мен бұлттар»	«Достық гүлдері	«Жемістер себеті»

ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		«Түстерді тап» ойыны (дидактикалық ойын). Тәрбиеші әрекеті: Балаларға алманың суретін көрсетіп, түстерді сәйкестендіруге бағыттайды. Үлгі көрсетеді. Балалардың әрекеті: Алманы қызылға бояйды, ермексаздан домалатады, жапырақ жапсырады. Күтілетін нәтиже: Алманың пішінін, түсін ажыратып, әртүрлі материалмен бейнелей алады. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттері	Арт-терапия («Саусақпен бояу» техникасы). Тәрбиеші әрекеті: Күн мен бұлт бейнесін саусақпен бояу тәсілін көрсетеді. Балалардың әрекеті: Күнді сары түспен бояйды, бұлтты ермексаздан жасайды, сәулелерді жапсырады. Күтілетін нәтиже: Табиғат құбылыстарын эмоционалды бейнелейді Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттері	«Жобалау» әдісі (ортақ гүл құрастыру). Тәрбиеші әрекеті: Әр бала бір жапырақша жасап, бірге гүл кию-жапсыруды ұйымдастырады. Балалардың әрекеті: Сабакты сурет салады, гүл ортасын мүсіндейді, жапырақшаларды жапсырады. Күтілетін нәтиже: Балалар бірігіп жұмыс жасауға дағдыланады. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттері	«Сықырлы қапшық» ойыны (сезім мүшелері арқылы тану). Тәрбиеші әрекеті: Қапшықтан жемісті ұстатып, қандай екенін тапқызады. Содан соң бейнелеу әрекетін ұйымдастырады. Балалардың әрекеті: Жемістерді атайды, суретін салады, мүсіндейді, қағаздан киып жапсырады. Күтілетін нәтиже: Жемістердің түрлерін ажыратады, бейнелейді. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттері
Балалардың үйге қайтуы		Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тексерілді
жыл

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек, 2025 жыл, 2-апта

Білім беру ұйымы: ЖШС «ЕСКАМ» «Өркен» балабақшасы

Тобы: «Еркетай» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.09. – 12.09.2025 ж

Тақырыбы: «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09.2025	Сейсенбі 09.09.2025	Сәрсенбі 10.09.2025	Бейсенбі 11.09.2025	Жұма 12.09.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кеңес: Үйдегі еңбекті ойын сюжетімен байланыстырып көрсету.	Баланы қол жууға, заттарын орнына қоюға, бет орамалды қолдануға дағдыландыру. Тазалықты еңбек пен әдетке айналдыру.	Әке-шеше мен баланың шағын еңбекті бірге орындауы (гүлге су құю, үстел жинау). Бірлескен еңбектің балада жауапкершілік сезімін қалыптастыруы.	Балаға ұлттық үлгіні ертегі, өлең, мақал-мәтел арқылы жеткізу. Кеңес: Әр ата-ана балаға күн сайын бір еңбекке қатысты мақал-мәтел үйретсін.	Баланың еңбекке қызығушылығын арттыру үшін жағымды эмоция қажет. Кеңес: Баланың еңбегін ойыншықпен немесе жылы сөзбен ынталандыру.

		Кеңес: Баланы заттарын өз орнына қоюға үйреткенде алдымен бірге орындап, кейін өздігінен жасату.	Кеңес: «Отбасы күні» жасап, әркім өзіне шағын жұмыс атқарсын.		
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырып: «Жануарлар әлемі» Мақсаты: Жануарлардың атауларын айту, оларды сипаттау. Тәрбиеші әрекеті: Жануарлар суреттерін көрсетеді. «Бұл арыстан, ол үлкен. Бұл қоян, ол ақ» деп сипаттайды. Балалар әрекеті: Сөздерді қайталайды. Жануарларды сипаттап айтады. «Дыбысты жануарға сәйкестендір» (құлақпен тыңдап, қай жануар екенін табу). Күтілетін нәтиже: Балалар жануар атауларын біледі, оларды сипаттап айтады. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Сиқырлы суреттер» (әңгімелеу) Мақсаты: Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыру. Тәрбиеші әрекеті: Сюжетті суретті көрсетіп, сұрақтар қояды. «Не болып жатыр? Балалар қайда?». Балалар әрекеті: Әңгімелеп айтады, сөйлем құрайды. «Сюжетті жалғастыр» ойыны (тәрбиеші бастайды, бала жалғастырады). Күтілетін нәтиже: Балалар байланыстырып сөйлеуді меңгереді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Ертегі тыңдаймыз» Мақсаты: Ертегіге қызығушылықты қалыптастыру, тыңдап түсінуге үйрету. Тәрбиеші әрекеті: Қысқа ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұны бойынша сұрақ қояды. Балалар әрекеті: Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлерді атайды. «Кейіпкерді тап» ойыны. Күтілетін нәтиже: Балалар ертегіні тыңдап түсінеді, кейіпкерлерді атайды. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Түстер әлемі» Мақсаты: Негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) атауға үйрету, сөйлемде қолдану. Тәрбиеші әрекеті: Түрлі түсті ойыншықтарды көрсетіп, «Бұл қызыл доп» деп мысал келтіреді. Балалар әрекеті: Түстерді атайды, сөйлем құрайды. «Түсті тап!» ойыны. Күтілетін нәтиже: Балалар түстерді ажыратып, сөйлемде қолдана біледі. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті	Тақырып: «Жемістер мен көкөністер» Мақсаты: Жеміс-жидектерді, көкөністерді ажыратып айту. Тәрбиеші әрекеті: Суреттерді, муляждарды көрсетіп, сипаттайды. Балалар әрекеті: «Бұл алма», «Бұл сәбіз» деп атайды. «Дәмін тап» ойыны (жеміс дәмін татып табу). Күтілетін нәтиже: Балалар жемістер мен көкөністердің атауларын меңгереді. Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу №6 Балалар құс сияқты қолдарын жаяды, оңға-солға жайлап қағады. Бұл жаттығуды 4-5 рет қайталау ұсынылады Балалар қолдарын жайып, жеңіл жүгіріп, көбелек сияқты ұшады.	Таңертеңгі жаттығу №7 Жаттығуды бастамас бұрын балалармен бірге амандасу, жаттығудың көңілді өтетіні туралы айту. Тыныс алу жаттығулары: Терең тыныс алып, ауаны шығару. Балаларға мұрны арқылы дем алуды, ауыз арқылы дем шығаруды үйрету. (2-3 рет қайталау)	Таңертеңгі жаттығу №8 Қолды көтеру мен түсіру: Балаларға қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіруді көрсету. Бұл жаттығу иық және қол бұлшықеттерін нығайтуға көмектеседі. (3-4 рет қайталау) Бұрылу қозғалысы: Балалармен бірге оңға және солға бұрылуды көрсету. Мұнда қолдарды белге қояды, иықпен бұрылу жасалады. (2 рет әр бағытқа қайталау)	Таңертеңгі жаттығу №9 Орнында жүру: Балалармен бірге қолдарын қимылдатып, орнында жүріп көріңіздер. Қадамдарды жеңіл және ырғақты жасау. (1 минут) Секіру: Балаларға бірге секіруді көрсетіңіздер. Бұл кезде қос аяқпен орнында секіру (5-6 рет).	Таңертеңгі жаттығу №10 Қолды шапалақтау: Балалар қолдарын жоғары көтеріп, қол шапалақтау жаттығуын жасау Жаттығуды аяқтау: Терең тыныс алып, жеңіл демалыспен жаттығуды аяқтау.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Коммуникативті дағдыны қалыптастыру
ҮІӘ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Қазақ тілі Тақырып: «Түстер әлемі» Мақсаты: Сөздік қорды түстер атауымен толықтыру. Педагог әрекеті: Түрлі түсті заттарды көрсетіп, «Бұл қандай түс?» деп сұрайды. Түстерді қайталап айтқызады. Баланың әрекеті: «Қызыл алма», «Жасыл жапырақ» деп сөз тіркесін құрайды. Ойын: «Түсті тап» – педагог айтқан түсті балалар көрсетеді. Күтілетін нәтиже: Балалар негізгі түстерді ажыратады, сөйлемде қолданады. Қаржылық сауаттылық бойынша іс-әрекет Тақырып: «Дүкенге барамыз» Мақсаты: Дүкенде сатып алу процесімен таныстыру. Педагог әрекеті: Сюжеттік-рөлдік «Дүкен» ойынын ұйымдастырады.	Дене Тәрбиесі «Қояндар жүгірісі» Мақсат: Жүгіруді жетілдіру. «Интерактивті кедергілер» (түсті конустардан жол құру). Тәрбиеші әрекеті: Балаларға қоянша секіріп жүгіріп өтуді үйретеді. Баланың әрекеті: Кедергілер арасымен жүгіреді. Күтілетін нәтиже: Балалар жүгіру мен секіруді біріктіріп орындайды. «Адалдық әліппесі» Мақсат: Балаларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. «Ертегі терапиясы» («Шыншыл бала»). Тәрбиеші әрекеті: Қысқа ертегі оқиды (адалдық пен жалғандық жайлы). Баланың әрекеті: Ертегі кейіпкеріне көмек береді, «адал – жақсы» деп қайталайды. Күтілетін нәтиже: Адалдық құндылығын біледі, өз ойынан жақсы мен жаманды ажыратады.	Дене Тәрбиесі «Допты алысқа лақтыр» Мақсат: Қол бұлшықеттерін дамыту. «Нысанаға дәл тигіз» (қабырғаға суреттер, нысаналар жабыстыру). Тәрбиеші әрекеті: Допты нысанаға лақтырып көрсетеді. Баланың әрекеті: Балалар нысанаға дәл тигізуге тырысады. Күтілетін нәтиже: Қолдың икемі мен дәлдігі дамиды. «Ақшаны дұрыс жұмсаймыз» (Қаржылық сауаттылық) Мақсат: Балаларға ақшаның барлығын жұмсамай, үнемдеуді үйрету. «Сюжеттік-рөлдік ойын» («Дүкен»). Тәрбиеші әрекеті: Дүкен ойынын ұйымдастырады, ақша суреттерін үлестіреді. Баланың әрекеті: Ақшаны ойыншық сатып алуға пайдаланады, «қалдығын» қорапқа салады. Күтілетін нәтиже: Ақшаны тек керек нәрсеге жұмсау керектігін түсінеді.	Дене Тәрбиесі «Допты алысқа лақтыр» Мақсат: Қол бұлшықеттерін дамыту. «Нысанаға дәл тигіз» (қабырғаға суреттер, нысаналар жабыстыру). Тәрбиеші әрекеті: Допты нысанаға лақтырып көрсетеді. Баланың әрекеті: Балалар нысанаға дәл тигізуге тырысады. Күтілетін нәтиже: Қолдың икемі мен дәлдігі дамиды. «Мен анама көмектесемін» (еңбексүйгіштік) Мақсат: Үй шаруасында үлкендерге көмектесуге баулу. «Көрсету – орындау» әдісі. Тәрбиеші әрекеті: Қуыршаққа киім кигізуді, ойыншық ыдысты жууді көрсетеді. Баланың әрекеті: Қуыршаққа көмектесіп, ыдысты сүртеді. Күтілетін нәтиже: Еңбек әрекетіне қызығады, ересектерге көмектесуге ұмтылады.	Музыка Тақырып: «Би билейік!» Мақсаты: Би қимылдары арқылы музыканы сезінуге үйрету. Педагог әрекеті: Қуанышты әуен қосып, қарапайым билік қимылдарды көрсетеді. Балаларды жұптасып, топпен билеуге үйретеді. Баланың әрекеті: Әуен ырғағына сай қолын, аяғын қозғалтады. Қарапайым билік қимылдарды қайталайды. Ойын: «Әуенді қимылмен көрсет» – әртүрлі әуенге сәйкес қимыл жасау. Күтілетін нәтиже: Балалар музыка ырғағын сезінеді, қарапайым би қимылдарын орындайды.
----------------------------------	---	--	---	---	--

	«Сатушы» және «сатып алушы» рөлін бөледі. Балаларды ақша беріп, зат алуға бағыттайды. Баланың әрекеті: Ойыншық ақшамен азық-түлікті «сатып алады». «Сатушыға» ақша беріп, «рахмет» айтады. Ойын: «Дүкендегі сауда» (балалар кезекпен сатып алады). Күтілетін нәтиже: Балалар затты ақшаға сатып алатынын, алмасу бар екенін түсінеді.				
2-ші таңғы ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. Міндеттері: Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету.	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы Міндеттері: қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері: Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету.
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру «Суды үнемдейік»	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру Өрт қауіпсіздігі	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту «Қауіпсіз жол»	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту «Ойын алаңында тәртіп	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру Болмеде қауіпсіздік Тақырып: «Электрді қолданғанда абай бол!»

	Көрсету: Балаларға ойыншық шелектер беріліп, су құйылады. «Артық төкпей тасимыз» жаттығуы.	Тақырып: «От – досың да, қасың да» Мақсаты: Отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіру. Ойын: «Отты сөндірі» (допты «өртеген» суретке лақтыру). Күтілетін нәтиже: Балалар сіріңке, от, пешке жақындамау керектігін біледі	Әңгіме: «Жолдан қалай өтуге болады?» (тәрбиеші қысқаша түсіндіреді).	Әңгіме: «Ойын кезінде итерілмейміз, бір-бірімізге көмектесеміз».	Мақсаты: Электр розеткасына, сымдарға, тұрмыстық құралдарға қол тигізбеуді үйрету. Ойын: «Қайсысын қолдануға болады?» (қауіпсіз-қатерлі суреттерді салыстыру). Күтілетін нәтиже: Балалар тұрмыстық заттарды қолдануда сақ болуды үйренеді.
Серуен	Серуен картотекасы№9 "Табиғатпен сәлемдесу" Мақсаты: Балаларға табиғаттың әсемдігін түсіндіріп, оны бағалай білуге баулу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау:Балаларға серуен кезінде қалай жүру керек, қоршаған ортаға қалай мұқият болу керектігі туралы ережелер түсіндіріледі. (Экологиялық тәрбие, еңбек және дидактикалық ойындар) Экологиялық тәрбие: "Табиғатты қорға" Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін	Серуен картотекасы №10 Серуен: Табиғат аясындағы бақылау және танымдық әңгіме Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы білім беру. Экологиялық іс-әрекет: Табиғатқа қамқорлық жасау Мақсаты: Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау. Іс-әрекет: Балалармен бірге ауладағы немесе серуен алаңындағы қоқыстарды жинау. Оларға қоқысты	Серуен Картотекасы№11 Серуен: "Күзгі орман" Мақсаты: Күзгі табиғатты бақылау, жапырақтардың түстерін ажырату және желдің қалай соғатынын сезіну. Бақылау: Балаларды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерімен таныстыру. Жапырақтардың түстері өзгергенін, олардың ағаштан түсуін бақылау. Сұрақтар: «Жапырақтар қандай түске боялған?», «Қандай жапырақтар үлкен немесе кішкентай?» Ойын: "Жел мен жапырақтар" ойыны. Балалар «жапырақ» болып, жерге түскен жапырақтар	Серуен картотекасы№12 "Құстарды бақылау" Мақсаты: Құстар туралы түсінік беру, олардың дауыстарын тыңдау және қайда ұшатынын бақылау. Бақылау: Балалармен бірге серуен кезінде құстардың дауыстарын тыңдап, олардың қайда ұшып жүргенін бақылау. Құстардың атауларын атап, оларға сипаттама беру. Сұрақтар: «Құстар қалай сайрайды?», «Қайда ұшады?» Ойын: "Құстар секілді ұшамыз" ойыны.	Серуен картотекасы№13 "Ағаштар әлемі" Мақсаты: Ағаштардың түрлерін тану, олардың жапырақтары мен діңдерін бақылау. Бақылау: Ауладағы ағаштардың жапырақтарын, діңдерін бақылау. Олардың биіктігі мен жапырақтарының пішінін көру. Сұрақтар: «Бұл қандай ағаш?», «Жапырақтары қандай?» Ойын: "Ағашқа айналамыз" ойыны. Балалар ағашқа ұқсап, орындарында қимылсыз тұрып, кейін жел соққанда «қимылдайды» (қолдарын

	кеңейту және оны қорғауға баулу. Қимыл: Балалар серуен кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімелейді. Мұғалім оларға ағаштар, гүлдер, шөптер және жануарлар туралы мәліметтер береді. (Ұсыныс ойын ,Экологиялық мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)	дұрыс сұрыптауды үйрету: қағазды, пластикті және шыныны бөлек жинау. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін оятады Құралдар: Қолғаптар, қоқыс жәшіктері. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	секілді қолдарын жайып, жеңіл секіреді. Мұғалім «Жел соқты!» деген кезде, балалар алаңда жүгіріп, жапырақтар секілді айналып ұшады. (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	Балалар құстар секілді қолдарын жайып, ұшуды бейнелеп жүгіреді. Ойын арқылы олардың қимылдары дамиды, әрі құстарға қызығушылығы артады. (Отбасы құндылықтары ,Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	жоғары көтеріп, тербеледі). (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар,	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасын мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету

		өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)			
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (Музыка ән тыңдау дағдысы)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бауырсақ ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату (Көркем әдебиет)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Мысық, әтеш және түлкі ертегісін айту (Көркем әдебиет)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет, Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Торғай мен тышқан ертегісін айту (Көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала ояңғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары: Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. «Денсаулық жолдарымен жүргізу» құмды жолдар	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар
Бесін ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырып: «Биік пен аласа» Мақсат: Биік және аласа ұғымдарын меңгерту. Тәрбиеші әрекеті: Биік мұнара мен аласа мұнараны салыстырады. Балалар әрекеті: «Бұл – биік», «Бұл – аласа» деп айтады. «Салыстыр да көрсет» ойыны. Құрастыру: Биік мұнара мен аласа мұнара тұрғызу. Күтілетін нәтиже: Балалар биік-аласаны ажырата алады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Артық және кем» Мақсат: Заттарды сан жағынан салыстыру. Тәрбиеші әрекеті: Екі топ ойыншықты көрсетіп, салыстырады. Балалар әрекеті: «Мұнда артық», «Мұнда кем» деп айтады. «Кім көп жинайды?» ойыны. Құрастыру: Артық кірпішпен – үлкен үй, кем кірпішпен – кішкентай үй салу. Күтілетін нәтиже: Балалар артық және кем ұғымдарын түсінеді. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Алға-артқа» Мақсат: Кеңістікті бағдарлау (бағыттарды анықтау). Тәрбиеші әрекеті: «Алға жүр», «Артқа жүр» деп көрсетеді. Балалар әрекеті: Берілген бағытта қозғалады. «Робот ойыны» (тәрбиеші бұйрық береді). Құрастыру: Құрылыс жолын алға-артқа орналастыру. Күтілетін нәтиже: Балалар кеңістікті бағдарлай алады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Жуан және жіңішке» Мақсат: Заттарды қалыңдығына қарай ажырату. Тәрбиеші әрекеті: Жуан таяқ пен жіңішке таяқты көрсетеді. Балалар әрекеті: «Бұл жуан», «Бұл жіңішке» деп ажыратады. «Салыстыр да бөл» ойыны. Құрастыру: Жуан кірпішпен – қабырға, жіңішке кірпішпен – жол тұрғызу. Күтілетін нәтиже: Балалар жуан-жіңішке ұғымдарын меңгереді. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті	Тақырып: «Заттарды санау» Мақсат: 5-ке дейін санау. Тәрбиеші әрекеті: 5 ойыншықты қойып, бірге санайды. Балалар әрекеті: «Бір, екі, үш, төрт, бес» деп санайды. «Сандық пойыз» ойыны. Құрастыру: 5 кірпіштен пойыз жасау. Күтілетін нәтиже: Балалар 5-ке дейін санай алады. Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті
